Тексерілді:
Әдіскер : А.Бердина

Қысқа мерзімді жоспар.
I апта (31.01-04.02. 2022ж.)
Ересек «Көжек» тобы

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»
Тақырыпша: «Ғажайыптар әлемі.» (Өлі табиғат құбылыстары)

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 31.01.2022ж	Сейсенбі 01.02.2022ж	Сәрсенбі 02.02.2022ж	Бейсенбі 03.02.2022ж	Жұма 04.02.2022ж
Білім саласы		Денсаулық Шығармашылық	Денсаулық Таным Шығармашылық	Қатынас Шығармашылық	Денсаулық Қатынас Таным	Таным Шығармашылық
Оқу қызметі		Дене шынықтыру Сурет салу	Дене шынықтыру Жаратылыстану Музыка	Көркем әдебиет Мүсіндеу	Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту Математика негіздері	Құрастыру Музыка
Балаларды қабылдау	07.30-07.50	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балалармен сәлемдесу. Көңіл-күйлерін сұрау. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру Жағымды жағдай орнату.. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбикемен бірлескен жұмыс: «Көңілді күн» әуенімен балаларды қарсы алу.				
Ата – аналармен әңгімелесу		Қабылдау ережелері, Баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта - балабақша туралы, ондағы тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу Балалардың өсуі мен дамуы үшін отбасында жасалынған жағдай жөнінде әңгімелесу. Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу мәселелері, озық іс-тәжірибелер бойынша әңгімелесу.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)		**Үстел- үсті ойыны:** «Аққала» ойыны	**Құрылыс ойындары** «Шырша» құрастырып ойнау, тату ойнауға үйрету.	**«Менің бөлме гүлім»** Фото сурет құрастыру. Фото суретте бейнеленген гүлдерді табу.	**Саусақ ойыны:** Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш.	**«Гүл» саусақ ойыны** Міне, гүлдің бүршіктері, Ашылады жайменен, Сұлулығы жағынан,

						Таласады айменен.
Таңертеңгі гимнастика (5-8 мин)	**07.50-08.00**	Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Ұйқы ашатын музыкалық-ырғақты қимылдарды орындау. Гимнастикалық әуенмен қимылдар жасау.				
Таңғы ас	**08.00-08.40**	Тамақ ішу мәдениетін қалыптастыру. Үстелде отыру дағдысын меңгерту. Тамақтану құралдарын дұрыс ұстау. Ас әдебін сақтау. Нан қоқымын шашпау. Ас қайыру.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	**08.40-09.15**	Балаларды орындарына отырғызып, құрал – жабдықтарды түгендеу.	Балаларды орындарына отырғызып, орындақта түзу отырғызып үйрету.	Оқу қызметіне қажетті көрнекіліктерді тақтаға ілу.	Оқу қызметіне доптар мен құрастырғыш ойыншықтарды бала санына дайындап қою.	Балаларға орындықта түзу отыру ережерімен таныстыру.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	**09.15-10.20 (үзілісі мен бірге)**	**1.Дене шынықтыру.** **Негізгі қимылдар:** 1.Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру, бағдар бойыншатеңелу:оңға ,солға айналу,бұрылыстар, ажырату және жақындату. Допты бір қолымен кедергі арқылы лақтыру.(2м ара қашықтық). Табан мен алаканға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу. **Қимылды ойын: «Қармен дәл тигіз»** **Әдіс тәсіл:**	**1. Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1.Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру, бағдар бойынша теңелу:оңға, солға айналу, бұрылыстар,ажырату және жақындату. Табан мен алаканға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу. Затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м) 1.5-2 м ара қашықтыққа лақтыру. **Қимылды ойын: «Қар атыспақ»** **Әдіс тәсіл:** Денсаулық техн **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:** Затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м) 1.5-2 м ара	**1. Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** **«Көңілді қыс» өлеңі Ш.Мұхамеджанов** **Мақсаты:**Балаларды жатқа эмоционалды, мәнерлі айта білуге, сөздерді анық айтуға, логикалық екпіндерді сақтауға, өлеңдердің ұйқасын айта білу дағдыларын қалыптастыру. **Дид-қ ойын:** «Аппақ, аппақ,жапалақтап...» **Мақсаты:** қыс ерекшеліктерімен таныстыру. **Көрнекілік:** қысқы	**1 Дене шынықтыру.** **Негізгі қимылдар:** **1.**Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру, бағдар бойынша теңелу:оңға,солға айналу, бұрылыстар,ажырату және жақындату. Затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м) 1.5-2 м ара қашықтыққа лақтыру. Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын: «Кегли»** **Көрнекіліктер:** 4 шығыршық (диаметрі 50 см) екі тақтай (ені 20 см), кеглилер. **Әдіс тәсілі:**денсаулық технологиясы **Күтілетін нәтиже:**	1. **Құрастыру:** **Тақырыбы:** **«Аққала»** **Мақсаты:** Балаларды қалдық материалдан бұйым жасауға баулу. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану. **Дид-қ ойын:** **«Аққала соғамыз»** (жинаймыз) **Мақсаты:** топпен жұмыс жасауға дағдыландыру. **Көрнекілік:** үлгі суреттер. **Әдіс –тәсілі:** Ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:**

		Денсаулық технологиясы **Көрнекілігі:**доптар, ке дергілер **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады**: Допты бір қолымен кедергі арқылы лақтырады. **Түсінеді :** Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құруды **Қолдана алады:** Табан мен алаканға сүйеніп, төрттағандап еңбектеуді. **2.Сурет:** **Тақырыбы:«Ақша қар»** **Мақсаты:** Үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып, сурет салуды дамыту. Үшбұрыш,сопақша пішіндерді пайдаланып ақша қардың суретін салуды	қашықтыққа лақтыру. **Түсінеді:** Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құруды **Қолдана алады:** Табан мен алаканға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу. **2. Жаратылыстану** **Тақырыбы:«Қар киыршықтары»** **Мақсаты:** Өлі табиғат нысандары туралы білімдерін байыту. Қарапайым экологиялық білімдерін калыптастыру. **Дид-к ойын: «Қар киыршықтары қандай?»**	бейне. **Әдіс тәсілі:** ойын технологиясы. **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:** өлең сөздерін. **Түсінеді :** ауа-райының құбылыстарын. **Қолдана алады:** қысқы ойындарды біледі **2. Мүсіндеу** **Тақырыбы:** **«Аққала»** **Мақсаты:** Бірнеше бөліктерді біріктіре отырып мүсіндеуді, оларды орналастыру әдіс тәсілдерін сақтауды қалыптастыру. **Дид-к ойын: «Ұлпа қарлар»** **Көрнекілігі**: ермексаз, тақтайша. **Әдіс тәсілі:** ойын	**Жаңғыртады:** Затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м) 1.5-2 м ара қашықтыққа лақтыру. **Түсінеді:** Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құруды **Қолдана алады:** 8м қаш-қа заттар арасымен төрттағандап еңбектеуді біледі. **2.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Мөлдіреген аппақ қыс»** **Мақсаты:** Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін бекіту: баяу сөйлеу,жаңылтпаштар оқу. Артикуляциялық	қатты қағаздарды пайдалануды. **Түсінеді :** құрастыру жолдарын. **Қолдана алады:** құрылыс бөлшектерін атап, оның құрылымдық қасиеттерін ескере отырып, пайдаланады. **2.Музыка** **Тақырыбы**: **«Ғажайыптар әлемі»** **Мақсаты**: Жеңіл

		қалыптастыру. **Дид-к ойын: «Ұлпа қарлар»** **Көрнекілік:**, киіз үйдің үлгі суреті. **Әдіс-тәсілі:** Ойын тех **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:** пішіндерді атайды. **Түсінеді:** ақшақар жайлы **Қолдана алады:** Үшбұрыш,сопақша пішіндерді пайдаланып ақша қардың суретін салады	**Мақсаты:** үлкен, кіші ұғымын түсіндіру. **Көрнекілік:** ағаштардың суреттері. **Әдіс- тәсілі:** Ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:** Өлі табиғаттарды атайды. **Түсінеді:** қыс мезгілінің ерекшелігі жайлы **Қолдана алады:** өсімдіктерді бақылап, оларға күтім жасайды **3.Музыка** **Тақырыбы: «Ғажайыптар әлемі»** **Мақсаты**: Жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалуды қолдану. Музыка тыңдау ережелерін сақтау. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Қарлармен билейміз» «Холодное сердце» мультфильмінен әуен. **Музыка тыңдау**: «Табиғат дыбыстары» Э.Григ **Ән айту**: «Аққала» Б.Жұмабекова **Ойын ойнау:** «Желді қуып жет» Қимылды ойын **Ойын ойнау:** «Тақия	технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:** Бірнеше бөліктерді біріктіре отырып мүсіндеуді, **Түсінеді:**Аққала неше бөліктен тұратынын **Қолдана алады:** домалату, мыжу, шымшу тәсілдерін қолданады.	аппаратты одан әрі жетілдіру. **Дид-к ойын: «Жыл мезгілі»** **Мақсаты:** Жыл мезгілдерін анықтауға үйрету. **Әдіс-тәсілі:** Ойын технологиясы **Көрнекіліктер:** Жыл мезгілдерінің суреттері. **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:** Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін **Түсінеді :** жыл мезгілдерін ажыратып айтуды **Қолдана алады:** баяу сөйлеу,жаңылтпаштар айтады **3.Математика негіздері** **Тақырыбы: «Қысқы орман»** **Мақсаты:** Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс талдап, қорыта білуді дамыту. **Дид-к ойын: «Шырша қанша?»** **Мақсаты:** қанша сұрағына жауап беруге үйрету. **Көрнекілігі**: сандар. **Әдіс тәсілі:** ойын технологиясы.	қозғалу, ырғақты қозғалуды қолдану. Музыка тыңдау ережелерін сақтау. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Қарлармен билейміз» «Холодное сердце» мультфильмінен әуен. **Музыка тыңдау**: «Табиғат дыбыстары» Э.Григ **Ән айту**: «Аққала» Б.Жұмабекова **Ойын ойнау:** «Желді қуып жет» Қимылды ойын **Көрнекілігі**: музыкалық аспаптар. **Әдіс-тәсілі**: музыкалық-ырғақ қимылдар. **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:** Әннің сөздерін.. **Түсінеді :** әннің не туралы екенін. **Қолдана алады:** Қосарланып

			тастамақ» Ұлттық ой**Көрнекілігі**: музыкалық аспаптар. **Әдіс-тәсілі**: музыкалық-ырғақ қимылдар **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:**Әннің сөздерін; **Түсінеді :** әннің не туралы екенін; **Қолдана алады:** Әнді көңілді айтуды, қосарланып билеуді.		**Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:** заттың шамасын. **Түсінеді:** сандар ұғымын. **Қолдана алады:** 5 көлемінде санап, ретімен атай алады.	билеуді.
Серуенге дайындық	**10.20-10.40**	Балалардың киінуіне ықпал ету. Киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауына көмектесу. Киіну реттілігін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.				
Серуендеу	**10.40-12.00**	**Қар басуын бақылау** Балаларға қар басуы жөнінде түсініктеме беру. Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру, айнала қараңғыланады және қар түсе бастайды; аспаннан жапалақтаған тасқыны ұшқандай сезіледі (ұлпа, ақ, жеңіл).Жанжағымыз қозғалысқа толған және тыныштық . Қар, жүн көрпесі секілді, жерді қымтайды. Қар кесектелген немесе жеке қиыршақталған секілді жауып тұр ма,	**Тайғанақты бақылау.** Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Тез жылынғанда аяз соғады, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында құрылатын. Тайғанақпен қалай күресуді айту.	**Ағаштардағы қыраулар бақылау.** Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Қар еріген кезде, күрт суық түскен және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқаны туралы балалардың назарын аудару, ағаштарға, орындықтарға және басқа заттарға. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердіңүстіндегі ауасы салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға	**Шыныдағы қарды өрнектерін бақылау, қадағалау.** Шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру.Жылы сулы булар салқын терезелер шыныларына отырып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. **Жұмбақ.** Өнері жоқ, қолы жоқ,	**Тайғанақты бақылау.** Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Тез жылынғанда аяз соғады, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында құрылатын.

		соны ажырата білуге үйрету.Жансыз табиғаттың құбылысына қызығушылығын тәрбиелеу. **Қозғалыстағы ойын «Қармен аулау білу»**Балаларды қардан айналудан,(ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету.Нысанаға қарды ата білуге бейімдеу.	Тайғанақ кезінде өзін дұрыс ұстай білуді үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылауда ынтасын дамыту. **Қозғалыстағы ойын «Ұзын жол бойынша»** Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауды үйрету. Жарыстарға қатысуға тәрбиелеу.	айналып мұзды кесек болып қатады және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көру, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету. **Қозғалыс ойындары. «Бірінші бол»** Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығулар ды орындау	Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). **Қозғалыс ойындары.** «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халық ойыны) «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойында өз әрекеті мен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту.	Тайғанақпен қалай күресуді айту. Тайғанақ кезінде өзін дұрыс ұстай білуді үйрету. **Қозғалыстағы ойын «Ұзын жол бойынша»** Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауды үйрету. Жарыстарға қатысуға тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	**12.00 12.20**	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. Балалардың серуеннен алған әсерлерімен бөлісу.				
Түскі ас	**12.20-13.00**	Ұқыпты тамақтану дағдыларын қалыптастыру. Ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды қадағалау. Тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау. **Бата беру.**				
Түскі ұйқы	**13.00-15.10**	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Төсекке ыңғайлы жату дағдысын бақылау. Киімдерін оң бүктеп қоюға дағдыландыру. Жеңіл киіммен жатуға дағдыландыру. Төсек жамылғысын дұрыс пайдалануды қалыптастыру.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	**15.10 15.40**	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.	«Қайық» - төсекте ішпен жатып ,қолды иекке таяп қою,жартылай тұрып оңға- солға тербелу.	«Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау.	«Созылу» - Төсекте аяқтары бірге,қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу.	«Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу.
Бесін ас	**15.40 16.10**	Ұқыпты тамақтану дағдыларын қалыптастыру. Ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды. Тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау. **Бата беру.**				
Ойындар, дербес әрекет	**16.10 16.30**	**«Жоғарыда-төменде» мақсаты:** жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін,	Пазл құрастыру	**«Қайсысы артық?» ойыны** Мақсаты: балалардың зейінін, ойлау	**Вариативтік компонент: Шебер қолдар Тақырыбы:Үй**	**«Жұбын тап» Мақсаты:** геометриялық пішіндерді қайталау,

		киялды дамыту. **құрал-жабдықтары:** құстардың, жануарлардың суреттері. мазмұны: Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді.		қабілеттерін дамыту. **Ойынның құрал-жабдықтары:** суреттер. **Ойын барысы:** Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда бірнеше сурет бар, балалар мұқият қарап артық затты табады да атайды, себебін дәлелдейді.	**Мақсаты:**Балаларға пластикалық ыдыстардан,пенопласт тан әр түрлі заттар жасауға үйрету. **Көрнекілігі:** пластикалық ыдыстар, пенопласт	салыстыруға жаттықтыру. **Көрнекілігі:** әртүрлі ретте орналастырылған пішіндер. Ойын барысы: Балаларға геометриялық пішіндер беріледі, балалар тура сондай түсті пішінді табады
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	**16.30-16. 50**	**Тлеубекқызы Айбибіге** үшбұрыш,сопақша пішіндерді пайдаланып ақша қардың суретін салуды қалыптастыру.	**Қалмағанбет Дамирге** өлі табиғат нысандары туралы	**Бердімұратов Нұрғалиге «Көңілді қыс»** өлеңін жатқа айтуға үйрету	**Илияс Айбарға** жаңылтпаштар айтуға үйрету.	**Балғабай Еркеназға** балаларды қалдық материалдан бұйым жасауға баулу
Серуен	**16.50-18.00**	Ұқыпты киінуін қадағалау. Аяқ киімдердің бауын байлау тәсілдерін үйрету. Өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу Өзара тәртіпті сақтау				
Үйге қайту		Баланың жағымды қылықтар жайлы айту. Оқу қызметіне деген баланың қызығушылықтарын жеткізу. Баланың сюжетті рөлдегі кейіпкерлерді сомдаудағы шеберлігін мақтанышпен айтып жеткізу.Ата-анамен бала жайлы пікір алмасу				
Ата-анамен жұмыс		Баланың жағымды қылықтары жайлы айту. Оқу қызметіне деген баланың қызығушылықтарын жеткізу. Баланың сюжетті рөлдегі кейіпкерлерді сомдаудағы шеберлігін мақтанышпен айтып жеткізу. Ата-анамен бала жайлы пікір алмасу				

Тәрбиеші:П.Абдрасилова

Тексерілді:
Әдіскер : А.Бердина

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

II апта (07-11 ақпан , 2022ж.)

Ересек «Көжек» тобы

Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем.»

Тақырыпша «Көліктер.»

Күн тәртібі	**Уақыты**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Білім саласы		**Денсаулық Шығармашылық**	**Денсаулық Таным Шығармашылық**	**Қатынас Шығармашылық Әлеумет**	**Денсаулық Қатынас Таным**	**Қатынас Таным**
Оқу қызметі		Дене шынықтыру Сурет салу	Дене шынықтыру Жаратылыстану Музыка	Көркем әдебиет Жапсыру Қоршаған ортамен таныстыру	Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту Математика негіздері	Орыс тілі Құрастыру
Балаларды қабылдау	**07.30-07.50**	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбикемен бірлескен жұмыс.				
Ата – аналармен әңгімелесу		Үйде балаларына балабақша туралы шағын әңгімелер құрастырып айтып беру жөнінде әңгімелесу. « Дәрумендер бізге не үшін пайдалы? » балаларға айтып түсіндіру жөнінде әңгімелесу. Балаларға еңбек туралы жұмбақтардың жауабын тауып, логикалық ойлануына мүмкіндік жасау жөнінде әңгімелесу				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)		**Дидактикалық ойын:** **« Ұшады, жүреді, жүзеді.».** **Мақсаты:** көлік түрлерін атау.	**Дидактикалық ойын:** **«Жасырылған көлікті ата»** **Мақсаты:** балалардың жылдамдықтарын арттыру.	**Дидактикалық ойын:** **«Сиқырлы текше.»** **Мақсаты:** ойлау қабілетін дамыту.	**Дидактикалық ойын:** **« Жүк көлігін тап»** **Мақсаты:** ептіліктерін арттыру.	**Дидактикалық ойын:** **«Керісінше айт» .** **Мақсаты:** балаларды қарсы мағыналы сөздерді тауып айтуға үйрету.
Таңертеңгі жаттығу	**07.50-08.00**	Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Гимнастикалық әуенмен қимылдар жасау.				

Таңғы ас	**08.00-08. 40**	Тамақ ішу мәдениетін қалыптастыру. Үстелде отыру дағдысын меңгерту. Тамақтану құралдарын дұрыс ұстау. Ас әдебін сақтау Нан қоқымын шашпау. Ас қайыру.				
Ойын, ұйымдасты рылған оқу қызметіне дайындалу	**08.40-09 .15**	**Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта»** **Мақсаты:** балаларға сөйлемді бастап, күштіміз сөзімен аяқтауға үйрету:	**Дидактикалық ойын: «Көлікті аяқта»** **Мақсаты:** бастаған жұмыстарын аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру	**«Жүргізуші» өлеңі** **Мақсаты:** Өлеңде кімдер туралы айтылғанын білу.	**Дидактикалық ойын: «Суреттің екінші бөлігін сал»** **Мақсаты:** суретті мұқият аяқтауға үйтеру	**«Мимикалық жаттығу»** **Мақсаты:** балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету.
Ұйымдасты рылған оқу қызметтері	**09.15-10.20 (үзіліс теріме н бірге)**	**1. Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1.Ұсақ және алшақ адыммен сапта бір-бірден және жұппен түрлі бағытта бытырап жүгіру. Затты көлденеңінен 2-2.5 ара қашықтықта оң және сол қолымен лақтыру. Арканмен (диаметрі 1,5см) тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль»** **Мақсаты:** Балаларды аңғарымпаздыққа қушылыққа баулау **Шарты:** Бір бала түлкі болып, сайланады. Қалған балалар көжек бетпердесін киіп,	**1. Дене шынықтыру** Ұсақ және алшақ адыммен сапта бір-бірден және жұппен түрлі бағытта бытырап жүгіру. Арканмен (диаметрі 1,5см) тепе-теңдікті сақтап жүру. Көлденең және көлбеу орындықта төрттағандап еңбектеу. **Қимылды ойын: «Түрлі-түсті көліктер»** **Мақсаты:** Жылдамдыққа баулу. **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:**бір-бірден шеңбер жасап жүру. **Түсінеді:** Тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қолдана алады:** Жоғарыға секіре алады.(5-10м) **2. Жаратылыстану** **Тақырыбы:**	**1 .Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Көнілді көліктер»** **Мақсаты:** Жұбымен келісе отырып, сезім ырғағы мен қозғалыс үйлесімін сақтау. Сахнада бағдарлану. **Дид-қ ойын: «Көліктерше ән салайық»** **Мақсаты:** көліктердің дауытарын ажырата білуге баулу. **Көрнекілігі:** көлік суреттері. **Әдіс тәсілі:** ойын технологиясы. **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:** дауыс интонациясын өзгертіп айтуды. **Түсінеді:** рөлдерге еніп ойнауды түсінеді. **Қолдана алады:** өлең	**1.Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар** . Ұсақ және алшақ адыммен сапта бір-бірден және жұппен түрлі бағытта бытырап жүгіру. Затты көлденеңінен 2-2.5 ара қашықтықта оң және сол қолымен лақтыру. Құрсауларды домалату. **Қимылды ойын: «Трамвай»** **Мақсаты:** Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындауға баулу. **Әдіс-тәсілі:** Ойын техноглогиясы. **Көрнекілігі:** Доп,ойыншықтар. **Күтілетін нәтиже** **Жаңғыртады:** сызықтар арасымен тепе- теңдікті сақтайды. **Түсінеді:** допты бір-бірінe	**1 Орыс тілі.** **Тақырыбы: «Көліктер»** **Мақсаты:**Заттардың белгілі бір қасиеттерін: түсі,пішіні,ерекшеліктерін атау дағдыларын дамыту..Жүру етістігін әртүрлі жұрнақ жалғаулармен айту. **Дидактиалық ойын: «Жүргізуші»** **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:** Көлік түрлерін орыс тілінде атайды **Түсінеді:** Көліктер Әуе,Жер,Су асты

		дөңгеленіп отырады.Жүргізуші : Көжектерім тұршы Беттеріңді жушы Ну орманға барайық тамақтанып алайық Қаш: Жаландаған қу түлкі Келіп қалыпты орманға, Көжектерің қайда деп, Қуып келді соңынан Көжектер ән ырғағымен секіріп, қаша жөнеледі. Түлкі қуады. **Көрнекілігі:** Құрсаулар **Әдіс-тәсілі:**Ойын технологиясы **Күтілетін нәтижесі:** **Жаңғыртады:**: Сапта бір-бірлеп дүру **Түсінеді:** Ойынды түсінеді. **Қолдана алады**: Тапсырмаларды орындайды. **2.Сурет салу** **Тақырыбы: «Автобус»** **Мақсаты:** Сурет	**«Қыстағы көліктердің күтімі»** **Мақсаты:** Табиғаттағы ауа-райының жағдайларын бақылау және бақылаулардың нәтижелелін табиғат күнтізбесіне белгілеу дағдыларын жетілдіру.Көліктерге күтім жасау дағдыларын қалыпастыру. **Дид-қ ойын: «Көліктерді жинайық»** **Мақсаты:** балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Көрнекілігі**: Үлгі суреттері,слайд.	жолдарын. **2.Жапсыру** **Тақырыбы: «Паровоз»** **Мақсаты:** Жапсыру мазмұнын күрделі және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерін	төмен лақтыруды **Қолдана алады:** жылдам және ақырын жүруді. **2. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Көліктер»** **Мақсаты:** Заттардың тобын білдіретін сөздерді балалардың сөздік қорына жалпылауыш сөздерді түсіну арқылы ендіру. **Дид-қ ойын: «Көлікті аяқта»** **Мақсаты:** Берілген тапсырманы аяғына дейін орындау керектігін түсіндіру. **Көрнекілігі:** Көлік түрлерінің суреті, ойыншық көліктер. **Әдіс –тәсілі:** ойын технологиясы. **Күтілетін**	көлігі болып бөлінетінін **Қолданады: көліктерді ажыратып айтады.** **Применяют**:соблюдать правила дорожного движения **2.Құрастыру** **Тақырыбы: «Машина»** **Мақсаты:** Заттардың тобын білдіретін сөздерді балалардың сөздік қорына

		салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. Суретте ашық және солғын түстерді пайдалану. **Дид-қ ойын: «Ненің дыбысы?»** **Мақсаты:** Жылдам ойлау қабылеттерін байқау. **Көрнекілігі:** Қарындаш, ақ парақ, үлгі суреттер. **Әдіс-тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:** қылқаламмен сурет салуды **Түсінеді:** Түстерді ажырата алады. **Қолданады:** көліктерді бейнелейді.	**Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады**: қарапайым тәжірибелерді қайталайды. **Түсінеді:** табиғат құбылыстарын. **Қолдана алады:** көліктерге күтім жасауды. **3.Музыка** **Тақырыбы**: **«Көліктер»** **Мақсаты**: Көліктердің түрлері, дыбыстары, пайдасы т.б. ұғыну. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекетінде жеңіл жүгіру, тізбектеле жүруді көрсету. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Ұшақ болып ұшамыз» **Музыка тыңдау**: «Голубой вагон» В.Шаинский **Ән айту**: «Қалсын апам қуанып» А.Еспенбетова **Ойын ойнау:** «Тымпи-тымпи» Қимылды ойын **Көрнекілігі**: музыкалық аспаптар. **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:**Әннің	кеңейте отырып, оған қызығушылықты тәрбиелеу. Пішіндерді ретімен қию,желіммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. **Дид- ойын: «Әр**	**нәтиже:** **Жаңғыртады:** көлік түрлерін. **Түсінеді:** жекеше және көпше ұғымын. **Қолдана алады:** ойыншық көліктерді. **3.Математика негіздері** **Тақырыбы: «Автотұрақ» (геометриялық пішіндер)** **Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді:шеңбер, шаршы тану және атау. Пішіндердің пішінін сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу. **Дид-қ ойын: «Вагонның таңбасын тап»** **Мақсаты:** пішіндерді сипап табуға баулу. **Әдіс тәсілі:** ойын технологиясы. **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:** шаршы, шеңбер атауын. **Түсінеді:** пішіндерді бұрыштары арқылы табуды. **Қолдана алады:** Пішіндерді орын орнымен	жалпылауыш сөздерді түсіну арқылы ендіру. **Дид-қ ойын: «Кім қандай көлікпен жүреді?»** **Мақсаты:** көлік атауларын табу. **Көрнекілігі:** Көліктер суреті. **Әдіс –тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады::** көліктердің атауларын **Түсінеді:** құрастыру жолдарын. **Қолдана алады:** құрастырмалы ойыншықтармен машина құрастыру.

			сөздерін.. **Түсінеді :** әннің не туралы екенін. **Қолдана алады:** Қосарланып би	**бөлшектің орнын тап»** **Мақсаты:** Ересектердің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту. **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады**: ересектердің жұмысын. **Түсінеді:** жеке бөліктерді жапсырады. **Қолдана алады:** Геометриялық пішіндерден паровоз құрастыра алады. 3. **Қоршаған ортамен таныстыру.** **Тақырыбы:** **«Электроника әлемінде»** **Мақсаты:** Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту. **Дид-к ойын: «Не қайда тұрады?»** **Көрнекілігі**: Тақырыптық суреттер **Күтілетін нәтиже:** **Жаңғыртады:** электроника заттарының аттарын атайды.		

				Түсінеді: электроникажайлы **Қолдана алады:** Қоршаған заттар, олардың қасиеттері жайлы білдеді		
Серуенге дайындық	**10.20-10. 40**	Балалардың киінуіне ықпал ету. Киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауына көмектесу. Киіну реттілігін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинату. Киіндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау				
Серуендеу	**10.40-12.00**	**Ақпан айындағы ауа райын бақылау** **Мақсаты:** Қыстың соңғы айы ақпан айы екенін естеріне салу. Ақпан айында жел қатты болады, жиі боран соғады. **Көркем сөз:** Ақпан айы аппақ қарда,Аққала салып ойнаймыз **Еңбек:** Учаскені қардан тазарту. Балаларды еңбексүйгіштікке, тазалыққа тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Ақ серек пен көксерек»	Су бетіне қатқан мұзды бақылау. Мақсаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру,табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету,табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту. Тәрбиеші балалардың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады,бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған . Егер мұзды лақтырса ол ұсақ бөліктерге бөлінеді. Егер мұзды қолға ұстасақ ,ол еріп кетеді. Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар» Мақсаты:ептілікке,шапшаңдыққа баулу.	**Қарды бақылау** **Мақсаты:** Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білугеүйрету;қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау.Қар ұлпавларынақараңдаршы ,олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен ,біреуі орташа ,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезедени жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішіннін тамашаландар. **Жұмбақ:** Жылт-жылт етеді, Ұстасаң еріп кетеді. (Қар) **Қимылды ойын:** «Қоян мен аңшы»	**Желді бақылау.** **Мақсаты: желдің** бағытын қалай,нелер арқылы анықтауға болатынын баяу,жылдам сөздерінің мағынсын түсіндіру. **Сұрақ:** -Желдің бағытын,күшін қалай біліп,анықтауға болады? -үй мұржаларынан шыққан түтінінен, -орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады. Қимылды ойын: «Әткеншек» **Мақсаты:** алғашқыда асықпай,сонан соң тез айналып жүгіру.	**Бақылау: Қырауды бақылау** **Мақсаты:** Қыс мезгілі туралы білімдерін бекіту **Еңбек:** Аула сыпырушы ағайдың еңбегіне көмектесу. **Қимылды ойындар:** «Орамал тастау» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.
Серуеннен оралу	**12.00-12.20**	Балалардың дұрыс шешінуін қадағалау. Шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. Шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау.				

Түскі ас	**12.20-13. 00**	Ұқыпты тамақтану дағдыларын қалыптастыру. Ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды қадағалау. Тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Түскі ұйқы	**13.00-15.10**	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Төсекке ыңғайлы жату дағдысын бақылау. Киімдерін оң бүктеп коюға дағдыландыру. Жеңіл киіммен жатуға дағдыландыру. Төсек жамылғысын дұрыс пайдалануды қалыптастыру.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыр у шаралары	**15 10-15.40**	***«Бұрыштар»*** *Бастапқы қалып:* аркамен жатып, қолды аяққа созып,аяқты тіке жоғары көтеру.	Бастапқы қалып: аркамен жатып,колды жоғары көтеру.Арқадан ішке,іштен аркаға жату.	*Бастапқы қалып:* «Алақандар»ішпен жатып,қол иықта алга сермеу.	*Бастапқы қалып:* «Шлагбаум» Б.қ. ішпен жатып, он аяқты көтеру.содан сол аяқты көтеру.	*Бастапқы қалып:* «Қанқыз» тізерлеп отырып,жоғары тұру.Қайта отыру,алға еңкею, қол артта созулы.
Бесін ас	**15.40-16.10**	Ұқыпты тамақтану дағдыларын қалыптастыру. Ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды. Тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау.				
Ойындар, дербес әрекет	**16 .10-16. 30**	**«Ауада ма,жерде ма,суда ма?» дидактикалық ойыны.** **Шарты:** бірнеше суреттер беріледі,сол суреттердің ішінен қай көлік қайда жүретінін тауып,сәйкесінше қою керек	**«Жыл мезгіліне сай киімдерді тап» дидактикалық ойыны** **Мақсаты:** балаларға жыл мезгілдеріне байланысты киімдерді табуға үйрету.	Пазлмен топтық жұмыс. Түрлі көліктер	**Вариативтік компонент** **Шебер қолдар:** **Тақырыбы:** Досыма арналған альбом **Мақсаты:** Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тік төртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу әдіс- тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу **Көрнекілік:қағаз,желім**	«Көліктерді гаражға кіргіз» дидактикалық ойыны. **Шарты:** әр түсті көліктерді түсіне сәйкестендіріп, гаражға кіргізуді ұсынады.
Баланың жеке даму картасына	**16 .30-16. 50**	Примбетова Балжанға сурет салудың техникалық дағдысын	Мырзахмет Зейнепке көліктерге күтім жасауға баулу.	Нұрбекова Раянаға пішіндерді ретімен қию,желіммен жұмыс	Есілбек Азатқа геометриялық пішіндерді:шеңбер, шаршы	Мырзабек Сырымға Кім қандай көлікпен

сәйкес жеке жұмыс		үйрету.		жасауға калыптастыру.	тану және атау	жүретінін түсіндіру,үйрету.
Серуенге дайындық		Балаларды киінгенде түймелерін кадап, аяқ киімінің бауын байлауды үйрету. Балаларға түстен кейінгі уакыт екендігін хабарлап, уақытты бағдарлауға үйрету. Гигиеналық шараларды ұқыпты орындауын қадағалау.				
Серуен	**16.50-18.00**	**Кешкі аспанды бақылау.** **Мақсаты:**балаларды кешкі табиғат сұлулығымен таныстыру. Қысмезгілінде аспанда күн ұзақ тұрмайды,сондықтан кеш тез бататындығы,яғни далада неліктен тез қараңғы болатындығы туралы түсінік беру. Болжамдар: аспеанда жұлдыз аз болса –күн суытады. **Қимылды ойын:** «Қасқыр мен лақтар»	**Аула сыпырушының қызметін бақылау.** **Қимылды ойын:** «Аттамақ» **Мақсаты:** қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету, биік аласа ұғымын түсіндіру.	**Мұз сүнгісін бақылау.** **Мақсаты:** балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру.Байқағыштық қасиетті қалыптастырып,іске баға беріп,қорытынды жасай білуге үйрету. **Қимылды ойын:** «Үйсіз қалған қоян» **Еңбек:** Мұз жерлерге құм себу.	**Кешкі аспанды бақылау.** **Мақсаты:**балаларды кешкі табиғат сұлулығымен таныстыру. Қысмезгілінде аспанда күн ұзақ тұрмайды,сондықтан кеш тез бататындығы,яғни далада неліктен тез қараңғы болатындығы туралы түсінік беру. Болжамдар: аспеанда жұлдыз аз болса –күн суытады. **Қимылды ойын:** «Қасқыр мен лақтар»	Құстардың азықтарын қалай тауып жеп жатқандарына назар салу. **Қимылды ойын:** «Торғайлар мен автомобильдер» **Мақсаты:** Балаларға табиғаттағы құстардың маңызын адамға пайдасын және көліктер туралы түсінігі қалыптастыру
Үйге қайту		Ұқыпты киінуін қадағалау.. Аяқ киімдердің бауын байлау тәсілдерін үйрету Гигиеналық тазалық Өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу Өзара тәртіпті сақтау				
Ата-анамен жұмыс		Оқу қызметіне деген баланың қызығушылықтарын жеткізу. Баланың ойындар кезіндегі шеберлік қимылдарын мақтанышпен айтып жеткізу. Ата-анамен бала жайлы пікір алмасу Баланың жағымды қылықтар жайлы айту. Гигиеналық тазалық туралы пікір алмасу.				

Тәрбиеші: П.Абдрасилова

Тексерілді:
Әдіскер : А.Бердина

Қысқа мерзімді жоспар.
III апта (14-18 ақпан 2022ж.)
Ересек «Көжек» тобы

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем.»
Тақырыпша: «Электроника әлемі»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Білім саласы		**Денсаулық Шығармашылық**	**Денсаулық Таным Шығармашылық**	**Қатынас Шығармашылық**	**Денсаулық Қатынас Таным**	**Шығармашылық**
Оқу қызметі		**Денешынықтыру Сурет**	**Дене шынықтыру Жаратылыстану Музыка**	**Көркем әдебиет Мүсіндеу**	**Денешынықтыру Сөйлеуді дамыту Математика негіздері**	**Музыка**
Балаларды қабылдау	**07.30-07.50**	Балаларды қабылдау ережелері, ата-аналармен пікірлесу; Аяжанмен бірлесіп дене қызуларын өлшеу,тазалықтарын тексеру Балаларды қабылдау, ата анамен сұхбат, дене қызуларын өлшеу.				
Ата – аналармен әңгімелесу		Қабылдау ережелері, Демалыс күндерін өткізу дәстүрлері т.б. бойынша ата-аналармен пікірлесу. Баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта - балабақша туралы, ондағы тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу Балалардың өсуі мен дамуы үшін отбасында жасалынған жағдай жөнінде әңгімелесу. Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу мәселелері, озық іс-тәжірибелер бойынша әңгімелесу. Өзін – өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлесу, пікірлесу.				
